

4Баланың мектепке даярлығын анықтайтын 5 бағыт: танымдық қабілеті, дене күшінің дамуы, оқуға ынтасы, көңіл-күйі, ерік сапаларының қалыптасуы – мектептік кемелді құрайды.

Жалпы **дене дамуына** баланың дене бітімінің - бойы, салмағы, бұлшық ет толысуы, көкірек қуысының көлемі, тері жамылғысы т.т. қалыпты мөлшерге сәйкес келуі және көз жанары, естуі, қымил-қозғалысы, әсіресе қолы мен саусақтарының нәзік қимылы, жүйке жүйесінің қозу мен тежелу жағдайы, сондай-ақ жалпы денсаулығы жатады (Р.В. Овчарова, М.Р. Битянова, А.Л. Венгер).

Мектептік оқуға жетілу баланың физикалық және психикалық дайындығынан анықталады. Әлеуметтік жетілу – бұл қоғамдық жүйеде орнының ауысуына баланың дайындық дәрежесі, яғни оқушы жағдайын қабылдауы. Бала алғаш рет өзін оқушы сезініп, әлеуметтік қоғаммен қарым-қатынас жасайды. Мектептегі сынып оқушыларымен және мұғаліммен тіл табысу белгілі – бір қоғамдық мәселені өзі шеше алуы болып табылады. Нақтырақ айтсақ, қоршаған орта қоғамымен қарым-қатынас жасай отырып, оқу процесіндегі өзіне қатысты мәселені шешеді.

Танымдық даярлық мазмұнына баланың сөздік қоры, көзқарас деңгейі, арнайы іскерліктермен қоса, танымдық процестерінің даму деңгейі, олардың «жақын арадағы даму аймағына» бағытталуы, көрнекі-бейнелік ойлаудың жоғары деңгейлері, оқу міндетін ерекшелеп бөле алуы мен оны әрекеттің дербес мақсатына айналдыра алу іскерлігі жатады. Оқу үшін танымдық жақтар барабар және өзіндік ерекшеліктерге сай болатын болса, оқуға деген коммуникативті дайындық үлкендермен араласудың мотивтерімен қамтамасыз етіледі деп айтуға болады.

Еріктік даярлық – бала алдына мақсат қойып, шешім қабылдап, іс-әрекетін жоспарлап, оны жүзеге асыруға күш жұмсай алса, осы жолда кездескен кедергілерді жеңсе – қалыптасқан деп есептелінеді. Ерік-жігердің басты мәселелерінің бірі болып адам өз өмірінің түрлі кезеңдерінде қабілетті болатын нақты еріктік әрекеттер мен қимылдардың мотивациялық шарттылығы туралы мәселе табылады. Сондай-ақ мектеп жасына дейінгі баланың еріктік регуляцияларының интеллектуалдық және моральдық негіздері туралы мәселе де шешуді талап етеді.

Көңіл-күй даярлығына «оқушының ішкі жағдайы» деп аталатын әлеуметтік қатынастың; оқу әрекеті үшін қажетті адамгершілік қасиеттер тобының; сондай-ақ баланың құрдастарымен, үлкендермен қарым-қатынас сапасының қалыптасуы жатады.

Баланың оқуға ынтасы, ықыласы мектепке психологиялық даярлық диагностикасы бағыттары мазмұнындағы **мотивтік даярлықты** құрайды.

Баланы мектепке психологиялық жағынан даярлығы міндетті түрде баланың биологиялық жасымен тығыз байланысты. Мектептік кемелді анықтайтын бағыттар ішіндегі баланың дене күші даярлығы бағыты тікелей жас мөлшеріне тәуелді. Білім игеру барысында аса қажет жазу –сызуды меңгеру үшін қолдың саусақтарының нәзік қимылы, икемділігі, бойы мен

салмағының мөлшері – осының бәрі баланың нақты жасын көрсететін биологиялық жетілу белгілері.

Осыған байланысты мектепке дейінгі балалардың мектепке оқуға дайындығын анықтау тесті жүргізілді.

«Солнышко» мектепке дайындық тобы балаларының
Мектепке дайындық туралы әңгіме тесті бойынша қорытындысы
(С.А.Банковтың ұсынысы бойынша әңгімелесу)
(2023-2024 ж.)

Нәтижелер:

Баланың оқушы ретінде ішкі дайындық деңгейі	Мінездеме	Нәтижелер
Жеткілікті деңгей 50%	Баланың мектепке оқу бағдарламаларын қабылдауы және мектепке деген ішкі жағымды қатынасы айқындалған, оқушы ретінде ішкі дүниесі толық қалыптасқан.	10-9 балл
Бастапқы деңгей 50%	Негізгі мектептің өмірінің сыртқы атрибутикасына баланың қызығушылығы (оқушының бастапқы айқындамасының ішкі құрылымының деңгейі)	8-5 балл
Төмен деңгей 0%	Бала мектепке әуестенбейді, оқушының ішкі айқындамасы белгілі нысанға төмен келтірілген.	4-0 балл

Жеткілікті деңгей: Оқуға ынтасы бар балалар оқудың өзіне бағытталуы мүмкін (бұл қуантатын жағдай).

Бастапқы деңгей: сыртқы атрибуттарға (әдемі форма, сөмке, қуанышты достар және қоңыраулар, үзілістер және т.с.) баланың қызығушылығы.

Төмен деңгей: Балалардың мектепке барғысы келмеуінің себебі мектептегі қатаң тәртіптен қорқу немесе өзіне деген сыншыл пікір, сонымен қатар үйреншікті жағдаймен қоштасқысы келмейді (мектепке дейінгі жас), жаңа нәрсеге деген қорқынышпен байланысты болуы мүмкін.

«Солнышко» мектепке дайындық балаларының
« Балалардың психоәлеуметтік жетілуі» тесті бойынша қорытындысы
(С.А.Банковтың ұсынысы бойынша әңгімелесу тесті)

Нәтижелердің жалпы бағалануы:Қорытынды ұпай барлық бөлім бойынша жалпы ұпайларды жинақтаумен есептеледі.

24-29 ұпай –бала мектепке дайын.

65%

20-23 ұпай-мектепке дайындықтың орташа деңгейі.

29%

15-19-ұпай-мектеп өміріне әзірге дайын емес.

6%

Баланың дамуы қойылатын талаптар мен тіршілік жағдайларының өзіне тән ерекшеліктерімен, оның айналасындағылармен қарым-қатынас ерекшеліктерімен, баланың жеке басының психологиялық құрылымы дамуының деңгейімен, білім мен ойлауының даму дәрежесімен, белгілі бір физиологиялық ерекшеліктердің жиынтығымен сипатталады.

Нақ осындай қарым-қатынастар жүйесі негізінде бала белгілі бір дағдыларды игереді, онда қарапайым дәрежедегі ұғымдар қарастырылады, үлкендермен қарым-қатынас жасау тәсілдері байиды, тілі жетіледі т.с.с. Осының барлығы баланың дербес іс-әрекеттер жасау мүмкіндігінің кеңейуіне, демек, айналасындағылармен қарым- қатынас жасау тәсілдерінің өзгеруіне негіз болады. Балалардың әлеуметтік жетілуіне, дүниетанымын кеңейттіруге,үлкендер және қатарластарымен көбірек қарым-қатынаста болуды қажет етеді.